

"Visa Signature картасымен саяхаттаңыз" науқаны бойынша FAQ

(Жиі қойылатын сұрақтар)

1. Еуразиялық банктің Visa Signature картасын қалай ашуға болады?

Еуразиялық банктің Visa Signature картасын банктің ресми сайты арқылы <https://eubank.kz/visa-signature/> сілтемесі бойынша немесе Smartbank ұялы қосымшасында (тіркеу жөніндегі нұсқаулық <https://smartbank.kz/?&locale=ru>) ашуға болады;

2. "Visa Signature картасымен саяхаттаңыз" науқанына кім қатыса алады?

Науқанға 18 (он сегіз) жасқа толған, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, Науқан талаптарын тиісті түрде орындаған Visa Signature (ағымдағы және жаңа) төлем карталарын ұстаушылардың барлығы – жеке тұлғалар қатыса алады;

3. "Visa Signature картасымен саяхаттаңыз" науқанын өткізу кезеңі?

Науқанды өткізу кезеңі 5.07.2024 ж. бастап 22.08.2024 ж. дейін;

4. "Visa Signature картасымен саяхаттаңыз" науқанына қатысу үшін қандай талаптарды орындау қажет?

Науқанның бүкіл кезеңі ішінде Visa Signature төлем карточкасымен бір транзакция кезінде 1 000 (бір мың) теңге және одан жоғары сомаға (Еуразиялық банктің төлем картасын пайдалана отырып тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу) аптасына кемінде 3 (үш)төлем жасау қажет;

5. "Visa Signature картасымен саяхаттаңыз" науқанына қатысу үшін қандай операциялар есепке алынбайды?

"Smartbank" ұялы қосымшасы арқылы төлемдерді жүзеге асыру жөніндегі операциялар, төлем карточкасынан төлем карточкасына (оның ішінде ұялы телефон нөмірі бойынша) басқа банкке/банк ішінде аударымдар, банкоматтар мен кассалардан қолма-қол ақша алу есепке алынбайды;

6. "Visa Signature картасымен саяхаттаңыз" науқаны бойынша қандай жүлделер ойналады?

1-ші санаттағы бас жүлде – Coca-Cola Arena-ғы Enrique Iglesias-тың концертіне қатысумен 2 (екі) адамға арналған Дубайға саяхат;

2-ші санаттағы бас жүлде – "Apple" жапсырмалы құлаққаптары - 3 бірлік.

3-ші санаттағы бас жүлде – "Tumi" брендінің рюкзагы - 3 бірлік.

Апта сайынғы сыйлық - "Apple Bluetooth AirPods Pro 2nd generation with MagSafe Case" алмалы-салмалы құлаққаптары - 7 бірлік (Соңғы ұтыс ойынына дейін 7 апта бойы апта сайын ойнатылады);

7. 1-ші санаттағы "Дубайға саяхат" бас жүлдесіне не кіреді?

1-ші санаттағы бас жүлде - Дубайға, Біріккен Араб Әмірліктеріне 2 (екі) адамға саяхат, соның ішінде 5* (бес жұлдызды) Jumeirah al Naseem қонақ үйінде тұру, жеңімпаздың тұрғылықты жерінен бизнес-класспен екі бағыттағы әуебилеттері, Энрике Иглесиастың Coca - Cola arena-ғы концертіне билеттер, кешкі асымен бірге Сафариге жеке экскурсия, Wild Wadi аквапаркі мен Болашақ мұражайына бару, Серіктес пен Ұйымдастырушы

таңдаған мейрамханаларда кешкі ас пен түскі астар, Дубайда болған барлық уақытта премиум санаттағы трансфер (Tesla).

8. Жеңімпаз үшін Дубайға сапар қай күндерге жоспарланған?

Сапар күндері – 12.09.2024 - 15.09.2024.

9. 1-ші санаттағы бас жүлдені жеңіп алған жағдайда клиент бірдеңе төлеуі керек пе?

Клиент төлейтін ешқандай шығыстар жоқ, барлық шығындар төленеді.

10. Егер клиент басқа қаладан (Дубайға ұша алмайтын жерден) келген жағдайда, ол ұшу жүзеге асырылатын қалаға дейінгі ұшу ақысын төлеуі керек пе?

Жеңімпаз ешқандай шығыстарды төлемейді, оған қажетті жерге дейін ұшу ұйымдастырылады.

11. Қандай күндерде және қандай кезеңде жүлделердің ұтыс ойындары өткізіледі?

1-ші апта – 05.07.2024 ж. бастап 11.07.2024 ж. дейін	Жұлделердің ұтыс ойыны – 16.07.2024 ж.
2-ші апта – 12.07.2024 ж. бастап 18.07.2024 ж. дейін	Жұлделердің ұтыс ойыны – 23.07.2024 ж.
3-ші апта – 19.07.2024 ж. бастап 25.07.2024 ж. дейін	Жұлделердің ұтыс ойыны – 30.07.2024 ж.
4-ші апта – 26.07.2024 ж. бастап 01.08.2024 ж. дейін	Жұлделердің ұтыс ойыны – 06.08.2024 ж.
5-ші апта – 02.08.2024 ж. бастап 08.08.2024 ж. дейін	Жұлделердің ұтыс ойыны – 13.08.2024 ж.
6-ші апта – 09.08.2024 ж. бастап 15.08.2024 ж. дейін	Жұлделердің ұтыс ойыны – 20.08.2024 ж.
7-ші апта – 16.08.2024 ж. бастап 22.08.2024 ж. дейін	Жұлделердің ұтыс ойыны – 27.08.2024 ж.

12. Бір қатысушы апта сайынғы сыйлықтарды бірнеше рет ұта ала ма?

Қатысушы апта сайынғы жүлдені тек 1 (бір) рет ұтып ала алады, екінші рет жеңімпаз Қатысушы апта сайынғы жүлденің ұтыс ойындарына қатыса алмайды (қатысушы соңғы ұтыс ойынына қатысады).

13. Егер клиент апта сайын ұтыс талаптарын орындаса (аптасына 3 транзакция), оның Бас жүлделерді (1, 2 және 3-ші санаттағы) ұтып алу мүмкіндігі арта ма?

Ия, егер клиент Науқанның барлық кезеңінде апта сайын Науқан бойынша барлық талаптарды орындаса, онда оның нөмірі соңғы тізімде 7 рет болады және Бас жүлделерді ұтып алу мүмкіндігі де артады.

Аралық ұтыс ойындарына қатысу саны қатысушының соңғы ұтыс ойынындағы мүмкіндіктерінің санын анықтайды.

14. Апта сайынғы және Бас жүлделердің ұтыс ойыны қалай өткізіледі?

Апта сайынғы және соңғы ұтыс ойындары тікелей эфирде Ұйымдастырушының "eurasianbank" Instagram парақшасында Астана қаласы уақыты бойынша сағат 15.00-де көрсетіледі.

15. "Visa Signature картасымен саяхаттаңыз" науқанының егжей-тегжейін қайдан білсем болады?

Науқан туралы барлық мәліметтерді Науқан бойынша Ережелері де көрсетілген Еуразиялық банктің сайтынан мына сілтеме бойынша біле аласыз <https://eubank.kz/promotions/sovershayte-pokupki-kartoy-visa-signature-i-vyigrayte-tur-na-dvoikh-v-dubay-s-poseshcheniyem-kontserta-enrike-iglesias-04-07-2024/>.